

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының  
Үкіметі арасындағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау саласындағы  
ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 15 ақпандағы № 139 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қоса беріліп отырған 2012 жылғы 10 қыркүйекте Астана қаласында жасалған  
Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік Республикасының  
Үкіметі арасындағы Өсімдіктердің карантині және оларды қорғау саласындағы  
ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан

Республикасының

Премьер-министр

С. Ахметов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2013 жылғы 15 ақпандасы

№ 139 қаулысымен

бекітілген

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Вьетнам Социалистік  
Республикасының Үкіметі арасындағы Өсімдіктер карантині және оларды  
қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы келісім

(2013 жылғы 5 сәуірде күшіне енді -  
Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары бюллетені,  
2013 ж., N 2, 26-күжат)

Бұдан әрі «Тараптар» деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Вьетнам Социалистік Республикасының Үкіметі  
өсімдіктер карантині және оларды қорғау және өсімдіктер мен өсімдік өнімдеріне  
зиян келтіретін карантиндік объектілермен курес, сондай-ақ өз мемлекеттерінің  
аумақтарын карантиндік зиянды организмдердің әкелінуінен қорғау және олардың  
келтіретін залалдарын азайту саласындағы халықаралық ынтымақтастықтың  
маңыздылығын тәни отырып,

1951 жылғы 6 желтоқсандағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі  
халықаралық конвенцияны басшылыққа ала отырып;  
төмендегілер туралы келісті:

## **1-бап**

### **Анықтамалар**

Осы Келісімде келтірілген терминдердің мынадай мағынасы болады:  
**өсімдіктер - тұқымдар мен генетикалық материалды қоса алғанда, тірі өсімдіктер  
 мен олардың бөліктегі ;**

**өсімдік өнімдері - өсімдік (астықты қоса алғанда) өндөлмеген материал, сондай-ақ өзінің жаратылышы бойынша немесе өзінің өндөлу тәсілі бойынша зиянды организмдердің жерсіну және таралу қаупін төндіре алатын өндөлгөн өнімдер;**

**карантиндік объект - карантиндік объектілердің ұлттық тізбесіне сәйкес, Қазақстан Республикасы мен Вьетнам Социалистік Республикасы аумағында болмайтын немесе шектеулі таратылған, бірақ өсімдіктерге немесе өсімдік өніміне айтарлықтай зиян келтіретін өсімдіктер мен арамшөптер зиянкестерінің, ауруларын қоздырушылар, зиянкестер ;**

**фитосанитариялық бақылау - өсімдіктерде, өсімдік өнімдерінде және карантинге жатқызылған материалдарда карантиндік объектілердің бар немесе жоқ екендігін, сондай-ақ фитосанитариялық талаптардың орындалуын тексеру мақсатында, қолданылатын іс-әрекет ;**

**өндеу - карантиндік объектілерді жою, инактивациялау немесе кетіру бойынша ресімдер ;**

**каранtinge жатқызылған материалдар - зиянды организмдердің тасалану орны болуға қабілетті немесе олардың таралуына ықпал ететін, әсіресе халықаралық тасымал істеріне қатысты жағдайларда оларға қатысты фитосанитариялық шаралар колданылу қажет кез келген өсімдік, өсімдік өнімі, қоймалау орны, буып-тұю орамы, көлік құралы, контейнер, топырақ және кез келген басқа да организм, объект немесе материал;**

**жүк - бір тараптың мемлекет аумағынан келесі тараптың мемлекет аумағына әкелінетін және фитосанитариялық сертификатпен ілесіп жүретін өсімдіктердің, өсімдік өнімдерінің және карантинге жатқызылатын материалдардың кейбір мөлшері ;**

**заннама - қазақстандық Тарап үшін: Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының және Кеден Одағының басқа да нормативтік құқықтық актілері ;**

**Вьетнам тарапы үшін: Вьетнам Социалистік Республикасының Конституциясы, Вьетнам Социалистік Республикасының басқа да нормативтік құқықтық актілері.**

## **2-бап**

### **Құзыретті органдар**

Осы Келісімнің орындалуын қамтамасыз ететін Тараптардың құзыретті органдары мыналар болып табылады :

Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі;  
Вьетнам Тарапынан - Вьетнам Социалистік Республикасы Ауыл шаруашылығы  
және ауылды дамыту министрілгі.

Ресми түрде ақпарат алмасу мақсатында Тараптардың құзыретті органдары  
дипломатиялық арналар арқылы хабарласады.

Тараптар мемлекеттерінің жоғарыда аталған құзыретті органдарының атауы  
өзгерген кезде Тараптар бірін-бірі дипломатиялық арналар арқылы уақтылы хабардар  
етеді.

### 3-бап

#### Ұнтымақтастық және ақпарат алмасу

Тараптар мыналаға міндетті:

1. Өсімдіктер карантині және оларды қорғауға қатысты нормативтік құқықтық  
актілерінің және Тараптар қатысушы болып табылатын халықаралық шарттарының  
мәтіндерімен алмасуға;

2. Карантиндік объектілердің ұлттық тізбесін бекіту бойынша өз мемлекеттерінің  
нормативтік құқықтық актілеріндегі өзгерістер туралы олар жарияланған күннен бастап  
екі айдан кешіктірмей бір-біріне хабарлауға;

3. Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында карантиндік объектілердің пайда болу  
және таралу жағдайлары, сондай-ақ олармен күресу әдістері туралы оларды анықтаған  
күннен бастап екі айдан кешіктірмей бір-біріне хабарлауға;

4. Фитосанитариялық ғылым саласындағы ғылыми-зерттеу институттарымен және  
өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі ұйымдармен өзара байланыс  
негізінде ұнтымақтастықта болуға және осының негізінде алынған қандай да бір  
нәтижелерді немесе ақпаратты екінші Тараптың келісімісіз үшінші тарапқа бермеуге.

### 4-бап

#### Әкелінетін жүктөргө қатысты талаптар

1. Бір тараптың мемлекет аумағынан (арқылы) келесі тараптың мемлекет аумағына  
әкелінетін жүктөрдің әр партиясы Тараптар мемлекеттерінің халықаралық  
міндеттемелерінің талаптарына және өсімдіктер карантині және оларды қорғау  
саласындағы олардың заңнамаларына сәйкес келуі керек.

2. Басқа Тарап мемлекетінің аумағына әкелінетін жүктөр фитосанитариялық  
бақылаудан өтуі және ресми фитосанитариялық сертификатпен ілесіп жүруі керек.

3. Халықаралық міндеттемелерге және өсімдіктер карантині және оларды қорғау  
саласындағы өз мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес Тараптардың құзыретті  
органдары фитосанитариялық бақылауды және қажет болған кезде зертханалық зерттеу  
, жүктөрді оларды тасымалдау құралдарын өндеуді жүргізу үшін, сондай-ақ өз

мемлекеттері аумағына карантиндік объектілердің енүін болғызбау үшін басқа да  
шаралар қолданады.

4. Тараптардың құзыретті органдары қажет болған жағдайда және ғылыми негізде  
жүктөрдің жекелеген партияларын енгізу үшін қосымша фитосанитариялық шараларды  
анықтауға құқылы.

Бұл ретте Тараптардың құзыретті органдары мыналарға міндettі:

1) Қосымша фитосанитариялық шараларды бекіткеннен және жариялағаннан кейін  
олар жарияланған күннен бастап екі айдан кешіктірмей бір-біріне хабарлауға;

2) Тараптардың құзыретті органдарының кез-келгенінен келіп түскен сұранымға  
жауап ретінде қосымша фитосанитариялық шараларды қабылдау туралы негіздеме  
жіберуге.

5. Жүктөрді әкелу пунктілері импорттаушы Тараптың заңнамасына сәйкес  
анықталады.

6. Тараптардың құзыретті органдары әкелінетін жүктөрге фитосанитариялық  
бақылауды жүзеге асыратын өз мемлекеттері аумағындағы әкелу пунктілері туралы  
бір-біріне ҳабарлады.

7. Жүктөрді әкелген кезде буып-түйетін материалдар ретінде карантиндік  
объектілерді тасымалдаушы бола алмайтын жонқа, қағаз, пластик және басқа да  
материалдар қолданылуы тиіс және топырақтан бос болуы керек. Тараптардың  
құзыретті органдары карантиндік объектілерді тасымалдаушы болуы мүмкін  
топырағымен тамырланған тірі өсімдіктердің топырағын (торфты есепке алмағанда)  
импорттауға тырым салады.

8. Басқа Тараптардың мемлекеттік аумақтарына жүктөрді тасымалдау үшін  
қолданылатын бір Тараптың көліктік құралы мұқият тазартылуға және қажетті  
болғанда заарсыздандыруға тиіс.

9. Тараптардың құзыретті органдары экспортаушыға экспорттаушы елдің  
шекаралық бекетінде фитосанитарлық бақылау кезінде карантиндік организмдер  
табылған жағдайда оның иесі есебінен қайтаруға немесе карантиндік материалдарды  
заарсыздандыруға құқығы бар, ал жоюға - материалды қайтаруға немесе  
залалсыздандыруға мүмкіндігі болмаған жағдайда Тараптардың құзыретті органдары  
әрбір жеке жағдайда алдын-ала хабарланып отыруға тиіс.

## 5-бап

### Фитосанитариялық сертификат

Жүк партиясымен қоса берілетін фитосанитариялық сертификат түпнұсқада болуы  
және ағылшын тілінде толтырылуы керек. Фитосанитариялық сертификаттағы  
мемлекеттік инспектордың қолымен және мөрімен бекітілмеген түзетулер, сыйылулар  
мен мәтіннің түсініксіздігі заңды күшінен айырады.

Жүкті реэкспорт жасағанда фитосанитариялық сертификат реэкспорт жасау үшін міндettі түрде өндіруші-мемлекеттің фитосанитариялық сертификатының түпнұсқасымен қоса берілуі керек.

## **6-бап**

### **Басқа да халықаралық міндettемелермен ара-қатынас**

Осы Келісімнің ережелері Тараптардың мемлекеттері халықаралық ұйымдарда қатысуши болып табылатын басқа халықаралық шарттардан туындастын олардың құқықтары мен міндettерін қозғамайды.

Осы Келісіммен реттелмеген мәселелер 1951 жылғы 6 желтоқсандағы Өсімдіктер карантині және оларды қорғау жөніндегі халықаралық конвенцияға, Тараптар мемлекеттерінің заңнамаларына сәйкес реттелетін болады.

## **7-бап**

### **Дауларды реттеу**

Осы Келісімнің ережелерін қолдануға қатысты даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды келіссөздер жүргізу және консультациялар беру арқылы шешіледі.

## **8-бап**

### **Өзгерістер мен толықтырулар**

Осы Келісімге Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

## **9-бап**

### **Күшіне енуі**

Осы Келісім оның күшіне енуі үшін қажетті Тараптармен мемлекет ішілік рәсімдердің орындалуы туралы соңғы жазбаша хабарламаны алғаннан кейін отыз бірінші қүні күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалады және Тараптардың біреуі басқа Тараптан дипломатиялық арналар бойынша осы Келісімнің күшін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабар алған күннен бастап алты ай өткенге дейін өз күшінде қалады.

10 қыркүйек 2012 жылы Астана қаласында, қазақ, Вьетнам, орыс және ағылшын тілдерінде екі данада жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру кезінде келіспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін*

*Вьетнам Социалистік*

*Республикасының Үкіметі үшін*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК